

**«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**БЕКІТІЛДІ**

**«Қорқыт Ата атындағы  
Қызылорда университетінің» КЕАҚ  
Директорлар Кеңесінің шешімі  
№3 хаттама 22 сәуір 2021 ж.**

*(№7 хаттама, 17.06.2022 ж., өзгерістермен)  
(№8 хаттама, 31.08.2022 ж., өзгерістермен)  
(№4 хаттама, 22.06.2023 ж., өзгерістермен)*



**ЕРЕЖЕ**

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»  
Коммерциялық емес акционерлік қоғамының білім алушылар  
үшін оқу ақысын төлеуге арналған ішкі гранттар мен жеңілдіктердің  
түрлерін айқындау тәртібі туралы**  
*(Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама))*

Қызылорда, 2023 ж.

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің» КЕАҚ  
Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген (№3 хаттама, 2021 жыл 22  
сәуір.

*(«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің» КЕАҚ Директорлар  
Кеңесінің шешімімен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді: 2022 жыл 17  
маусым №7 хаттама, 2022 жыл 31 тамыз №8 хаттама, 22 маусым 2023 жыл №4  
хаттама).*

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»  
Коммерциялық емес акционерлік қоғамының білім алушылар үшін оқу  
ақысын төлеуге арналған ішкі гранттар мен жеңілдіктердің түрлерін  
айқындау тәртібі туралы Ережесі**

*(Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама))*

### **1. Жалпы ережелер**

1.1 Білім алушыларға ішкі гранттар мен жеңілдік түрлерін тағайындау тәртібі туралы Осы Ереже Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіндегі бакалавриат, магистратура және докторантура бойынша ішкі гранттар мен оқу төлемақысының жеңілдіктерін, басқа да жеңілдік түрлерін тағайындау тәртібін айқындайды *(Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама))*;

1.2 Ереже университеттің ішкі мүмкіндігіне қарай білім деңгейі мен қабілеті жоғары, әлеуметтік мүмкіндіктері төмен отбасынан шыққан балалардың жоғары білім алуына қолдау көрсетуді мақсат етеді;

1.3 Ішкі гранттар мен жеңілдіктерді тағайындау бойынша жұмыстар талапкерлердің немесе білім алушылардың өтініштері негізінде жүргізіледі.

### **2. Қолданылатын ұғымдар мен терминдер**

2.1 Осы Ережеде төмендегі ұғымдар мен терминдер қолданылады:

**университеттің ішкі гранты** – Ғылыми кеңес шешімі негізінде ректордың бұйрығымен университет қаржысы есебінен оқу мүмкіндігі берілетін университеттің ішкі білім беру гранты;

**оқу төлемақысына берілетін жеңілдіктер** – Ғылыми кеңес шешімі негізінде ректордың бұйрығымен оқу төлемақысына берілетін жеңілдік түрлері;

**оқу төлемақысына жеңілдіктер берілетін білім алушылар категориясы** — осы Ережемен анықталған оқу төлемақысына жеңілдік берілетін білім алушылардың категориялары;

**ішкі гранттар мен жеңілдіктерді қарастыру және тағайындау мерзімі** – ішкі гранттар мен жеңілдіктерді қарастыру және тағайындаудың осы ережеде белгіленген мерзімі;

**әлеуметтік жеңілдіктер** – білім алушылардың әлеуметтік жағдайына байланысты қолдау көрсету мақсатында бөлінетін жеңілдік түрлері.

### **3. Университеттің ішкі гранттары мен жеңілдіктерін тағайындау тәртібі**

3.1. Университеттің Ішкі гранттары мен жеңілдіктері Ғылыми кеңес шешімі негізінде ректордың бұйрығымен тағайындалады.

Талапкерлерге ішкі гранттар мен жеңілдіктерді тағайындау оқуға қабылданғаннан кейін өткізілетін Ғылыми кеңестің шешімі негізінде беріледі.

Талапкерлер үшін ішкі гранттар мен жеңілдіктерге үміткерлердің тізімі өтініштерімен қабылдау комиссиясында жинақталып, ректордың бұйрығымен арнайы құрылған комиссияға ұсынылып, комиссия шешімімен Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынылады.

3.2. Білім алушыларға ішкі грант немесе жеңілдіктер тағайындау және мерзімін ұзарту туралы өтініштері әр академиялық кезеңде арнайы құрылған комиссия отырысында қаралып, Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынылады. *(Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама))*

Талапкерлер мен білім алушылардың өтініштеріне ішкі грант және жеңілдіктер түрлеріне қарай қосымша құжат ретінде төмендегілер тіркелуге жатады:

1. «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының түлектеріне (балалар үйінің түлегі екенін растайтын анықтама);

2. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, қамқорлыққа алынған балаларға (өтініш берушінің туу туралы куәлігінің көшірмесі, ата-анасының қайтыс болу жайлы куәлік немесе ата-ана құқығынан айыру туралы анықтама);

3. Мүгедек студенттерге (медициналық-әлеуметтік сараптама);

4. Ата-анасының екеуі де (немесе жалғыз ата-анасы) мүгедек студенттерге (медициналық-әлеуметтік сараптама);

5. Анасы алтын, күміс алқа иегеріне (анасы алтын, күміс алқа иегері куәлігінің көшірмесі, көп балалы отбасы туралы анықтама, балаларының туу туралы куәліктерінің көшірмесі);

6. Шетелдік қазақ диаспора өкілдеріне, сонымен қатар шекаралас шетел мемлекеттерінің ұлты қазақ азаматтарына (шетелдік қазақ жеке басын куәләндыратын құжат (қазақша немесе орысша аудармасы));

7. «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлеріне (Алтын белгі, Үздік аттестат көшірмесі);

8. ҰБТ нәтижесінде кем дегенде 100 балл жинаған түлектерге (ҰБТ сертификатының көшірмесі);

9. Білім, ғылым, спорт, шығармашылық бағыттарында жетістіктері бар білім алушыларға (жетістіктерін растайтын диплом, мақтау қағазы, сертификат немесе т.б. түпнұсқасы);

10. Университеттің Қызылорда облысының мектеп бітіруші оқушылары арасында өткізілетін облыстық пәндік олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпаздарына (Бірінші дәрежелі диплом сертификаты).

3.3. Ішкі гранттар және жеңілдіктердің саны Ғылыми кеңес шешімімен анықталады. Бұл гранттар мен жеңілдіктер Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім беру бағдарламаларының тобы бойынша білім беру грантының иегерлеріне берілмейді;

3.3.1 Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім беру бағдарламалары топтарының мемлекеттік білім беру гранты немесе басқа да грант түрлерінің иегерлері атанған талапкерлер кемінде 1 оқу семестрін аяқтап, білім беру бағдарлама тобын ақылы негізге ауыстырған жағдайда

келесі оқу жылындағы жеңілдіктерді иеленуге құқылы болады. (Директорлар Кеңесінің 31 тамыз 2022 жылғы шешімімен енгізілді (№8 хаттама))

3.4. Ішкі грант «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлеріне (талапкерлерге) еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру гранттарының иегері болмаған жағдайда, сонымен қатар университетте 10 білім алушыдан асатын академиялық топ ашылған жағдайда ғана бір оқу жылына беріледі. Бұл санаттағы білім алушыларға тағайындалған ішкі грант емтихан сессиясының қорытындысы бойынша «Өте жақсы» бағаға аяқтаған білім алушылар үшін келесі оқу жылына ұзартылады;

3.5. Ішкі гранттар мен жеңілдіктер бір оқу жылына (1 қыркүйек – 31 тамыз) тағайындалады және осы Ережеде көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, келесі оқу жылына ұзартылады;

3.6. Мемлекеттік білім беру гранты немесе басқа да грант түрлерінің иегерлері атанған жағдайда университет ректорының бұйрығымен ішкі грант және жеңілдіктер тоқтатылады;

3.7. Ішкі гранттар мен жеңілдіктер құнына шәкірт ақы, іс-сапар, жол ақысы, тамақтану төлем ақысы кірмейді;

3.8. Ішкі гранттар мен жеңілдіктер жасау университеттің қаржы көлемінің жағдайына байланысты қарастырылады;

3.9 Талапкерлер ректор атына жазған өтініштерін дәлелдейтін құжаттармен қоса оқуға құжат тапсырған кезде қабылдау комиссиясына тапсырады. Жиналған құжаттарды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы ректор бұйрығымен арнайы құрылған комиссияға ұсынады;

3.10 Білім алушылар оқу ақысына жеңілдік алу үшін ректордың атына өтініш жазып, құжаттарымен бірге құжаттармен қамтамасыз ету бөліміне тапсырады. Одан әрі құжаттар комиссияда қаралып, Ғылыми кеңеске ұсынылады. (Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама))

#### **4. Толық оқу түрі оқитын бакалавриат білім алушыларына арналған ішкі гранттар мен жеңілдіктер санаттары**

4.1. Университеттің ішкі гранты (Білім гранты) (Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама));

4.2. Университетке оқуға қабылдау барысында:

1) Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар және «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының түлектеріне – 100% (білім гранты) *толық оқу мерзіміне*;

2) Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қамқорлыққа алынған студенттерге – 50% *толық оқу мерзіміне мерзіміне*;

3) I және II топ мүгедек студенттерге – 50% *толық оқу мерзіміне*;

4) Ата-анасының екеуі де (немесе жалғыз ата-анасы) 1-3 топ мүгедек студенттерге – 25% *толық оқу мерзіміне*;

5) Университет қызметкерлерінің балаларына (үш жылдан асқан еңбек өтілі бар) – 25%, (егер бір отбасында ақылы негізде бірнеше студент оқыса,

жеңілдік әрқайсысына беріледі), қызметкер жұмыстан шыққан жағдайда жеңілдік қарастырылмайды;

6) Көпбалалы отбасынан шыққан (балалары 23 жастан аспаған жағдайда) студенттерге, (егер бір отбасында ақылы негізде бірнеше студент оқыса, жеңілдік әрқайсысына беріледі) – 25% (білім туралы құжатта (аттестат, диплом) бағасы тек 5 пен 4 болған жағдайда 1-ші оқу жылына беріледі, кейінгі оқу жылдарына үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-), «Жақсы» (В+, В, В-, С+) болған жағдайда қарастырылады) (Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама));

7) «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иегерлеріне және ҰБТ нәтижесінде кем дегенде 100 балл жинаған түлектерге 1 курста 25%, келесі курстарда (2,3,4) оқу үлгерімі «өте жақсы» (А,А-) болған жағдайда ұзартылады және әр оқу жылында қарастырылады (Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама));

8) Спорт саласындағы жетістіктер үшін Әлем, Еуропа, Азия, Қазақстан чемпиондары, Республикалық/халықаралық жарыстардың жеңімпаздары атанған талапкерлерге:

а) Әлем және Азия чемпиондары – 100 % жеңілдік, жүлдегерлер (2 және 3 орын) – 50% жеңілдік (толық оқу мерзіміне) (Директорлар Кеңесінің 31 тамыз 2022 жылғы шешімімен енгізілді (№8 хаттама));

ә) Халықаралық деңгейдегі жарыс: чемпиондар (1 орын) – 50% жеңілдік, жүлдегерлер (2 және 3 орын) – 25% жеңілдік (1-ші оқу жылына, жыл сайын жарыстарда жетістіктерін дәлелдеген жағдайда ғана ұзартылады);

б) Республикалық деңгейде жарыс: чемпиондар (1 орын) – 25% жеңілдік, жүлдегерлер (2 және 3 орын) – 10% жеңілдік (1-ші оқу жылына, жыл сайын жарыстарда жетістіктерін дәлелдеген жағдайда ғана ұзартылады);

9) 8-11(12) сынып оқушылары арасынан дарынды жастарды университетке тарту мақсатында халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық және аудандық байқаулардың (ғылыми-инновациялық жобалар конкурстары, пәндік олимпиадалар, зияткерлік сайыстар, өнер, шығармашылық байқаулары және т.б.) жеңімпаздарына, жүлдегерлеріне және үздіктеріне университеттің білім грантын тағайындау – 100%, оқу ақысына жеңілдіктер 50% , 25% (бір оқу жылына беріледі, кейінгі оқу жылдарына үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-) болған жағдайда жалғасады);

10) Қоғамдық жұмыстарға белсенді қатынасқан білім алушыларға 2 курстан бастап оқу ақысына 25 % дейінгі жеңілдіктер (бір оқу жылына беріледі, кейінгі оқу жылдарына белсенділігі дәлелденген жағдайда жалғасады);

11) Университеттің ұйымдастыруымен Қызылорда облысының мектеп бітіруші оқушылары арасында өткізілетін облыстық пәндік олимпиадалар мен түрлі байқаулардың жеңімпаздарына:

ҰБТ-ның пәндері бойынша олимпиада жеңімпаздарына 1-орынға - 100% (1-ші оқу жылына беріледі, кейінгі оқу жылдарына студент үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-) болған жағдайда жалғасады);

12) Мерзімді әскери қызметті өткерген азаматтарға Қорғаныс министрлігінің ұсынысы бойынша және конкурстық негізде университеттің арнайы құрылған комиссиясының шешімімен әр оқу жылында білім гранттары (100%) мен оқу ақысына жеңілдіктер (50%, 25%) қарастырылады (ескерту: білім гранты 1-ші оқу жылына беріледі, кейінгі оқу жылдарына үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-), «Жақсы» (В+,В,В-,С+) болған жағдайда жалғасады) (Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама));

13) Университет қолдауын қажет ететін немесе елеулі жетістігі бар санаттағы талапкерлердің оқу ақысына жеңілдіктер (100%, 50%, 25%) беріледі. (Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама));

4.3 Университеттің ішкі жеңілдіктері осы тарауда көрсетілген бір категория бойынша ғана тағайындалады.

## **5. Қысқартылған оқу түрі бойынша оқитын бакалавриат білім алушыларына арналған ішкі гранттар мен жеңілдіктердің санаттары**

(Директорлар Кеңесінің 31 тамыз 2022 жылғы шешімімен толықтырылды (№8 хаттама))

5.1. Университеттің ішкі гранты (Білім гранты);

5.2. Университетке оқуға қабылдау барысында:

1) Университет қызметкерлеріне (үш жылдан асқан еңбек өтілі бар) – 25%, қызметкер жұмыстан шыққан жағдайда жеңілдік қарастырылмайды;

2) Университет қолдауын қажет ететін немесе елеулі жетістігі бар санаттағы талапкерлердің оқу ақысына жеңілдіктер (100%, 50%, 25%) беріледі.

3) Мерзімді әскери қызметті өткерген азаматтарға Қорғаныс министрлігінің ұсынысы бойынша және конкурстық негізде университеттің арнайы құрылған комиссиясының шешімімен әр оқу жылында білім гранттары (100%) мен оқу ақысына жеңілдіктер (50%, 25%) қарастырылады (ескерту: білім гранты 1-ші оқу жылына беріледі, кейінгі оқу жылдарына үлгерімі «Өте жақсы» (А,А-), «Жақсы» (В+,В,В-,С+) болған жағдайда жалғасады) (Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама));

5.3. Университеттің ішкі жеңілдіктері осы тарауда көрсетілген бір категория бойынша ғана тағайындалады.

## **6. Магистратура және докторантураға түсушілерге арналған ішкі гранттар мен жеңілдіктердің санаттары**

(Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама))

6.1. Университеттің ішкі гранты (Білім гранты);

6.2. Университетке оқуға қабылдау барысында:

1) Университет қызметкерлеріне (үш жылдан асқан еңбек өтілі бар) – 25%, қызметкер жұмыстан шыққан жағдайда жеңілдік қарастырылмайды;

2) Университет қолдауын қажет ететін немесе елеулі жетістігі бар санаттағы талапкерлердің оқу ақысына жеңілдіктер (100%, 50%, 25%) беріледі.

3) Мерзімді әскери қызметті өткерген азаматтарға Қорғаныс министрлігінің ұсынысы бойынша және конкурстық негізде университеттің арнайы құрылған комиссиясының шешімімен бейінді магистратураға әр оқу жылында білім гранттары қарастырылады

6.3. Университеттің ішкі жеңілдіктері осы тарауда көрсетілген бір категория бойынша ғана тағайындалады.

## **7. Шетелдік азаматтардың оқуға түсуге арналған ішкі гранттар мен жеңілдіктердің санаттары**

*(Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама));*

7.1 Шетелдік азаматтарға, сонымен қатар шекаралас шетел мемлекеттерінің ұлты қазақ азаматтарына бакалавриат, магистратура және докторантураға – 100%, 50%, 25% білім гранттары арнайы конкурс нәтижесі бойынша жеңілдік мерзімін анықтай отырып тағайындалады.

## **8. Осы Ереженің қолданылу аясы**

8.1. Осы Ереже «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының білім алушылары үшін қолданылады; *(Директорлар Кеңесінің 22 маусым 2023 жылғы шешімімен енгізілді (№4 хаттама));*

8.2. Университеттің базасында Қызылорда облысының мектеп бітіруші оқушылары арасында өткізілетін облыстық пәндік олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпаздары «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының базасында Қызылорда облысының мектеп бітіруші оқушылары арасында өткізілетін облыстық пәндік олимпиадалар мен байқауларды ұйымдастыру және өткізу туралы Ережесімен анықталады.

## **9. Қорытынды ережелер**

9.1. Осы Ереже арнайы жұмыс тобымен қазақ тілінде 8 парақта жасалған;


9.2. Осы ережеге өзгертулер мен толықтырулар қажеттілігіне қарай Директорлар кеңесінде қаралып, енгізіледі.

9.3. Осы Ереже талаптары 2023-2024 оқу жылынан бастап оқуға түскен білім алушылар үшін қолданылады және кері күші болмайды.




**Құрастырушы жұмыс тобы:**

Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму  
және қаржы жөніндегі проректор

 Н.Ж. Уразбаев


Басқарма мүшесі – Өлеуметтік және  
тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

 Ж.Н.Базартай

Құқықтық қамтамасыз ету және  
мемлекеттік сатып алулар  
басқармасының басшысы

 С.М.Ильясова

Рекрутинг және мансап  
басқармасының басшысы

 Ж.Ш.Оразмаханов